

**Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде әкімшілік көздермен жинауға арналған
нысандарды бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің 2025 жылғы 10 қыркүйектегі № 230-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 11 қыркүйекте № 36821 болып тіркелді

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 16-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде әкімшілік көздермен жинауға арналған нысандар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Су объектісінің табиғи режимін, балық ресурстары мен басқа да су жануарларын сақтау, сондай-ақ су тасқыны кезінде өзен арналарының шайылуын қамтамасыз ету үшін табиғат қорғау мақсатындағы су жіберу туралы мәліметтер";

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Көпфакторлы зерттеп-қараудан өткен гидротехникалық құрылысжайлар саны туралы мәліметтер" бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су шаруашылығы имараттарын дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Су ресурстары және ирригация министрі

Н. Нуржигитов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасы
Су ресурстары және ирригация
министрі
2025 жылғы 10 қыркүйектегі
№ 230-НҚ Бұйрыққа 1-қосымша

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.minsu.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Әкімшілік нысанның атауы: Су объектісінің табиғи режимін, балық ресурстары мен басқа да су жануарларын сақтау, сондай-ақ су тасқыны кезінде өзен арналарының шайылуын қамтамасыз ету үшін табиғат қорғау мақсатындағы су жіберу туралы мәліметтер.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): ТҚСЖ-1.

Кезеңділік: жылдық.

Есепті кезең: 20__ жыл.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: "Казсушар" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: жыл сайын, есепті кезеңнен кейінгі жылдың 10 ақпанынан кешіктірмей.

ЖСН/БСН _____

(деректерді жеке адамдар ұсынған жағдайда, сондай-ақ агрегатталған түрде толтырылмайды)

Жинау әдісі: қағаз жеткізгіште.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның негізгі бөлігі:

№	Іс-шараның атауы	Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішінің коды (ӨАОЖ)	Өңірдің атауы	Бөлінген қаражат, теңге	Көлемі, млн м3/жыл
1	2	3	4	5	6

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефоны

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

Мөрдiң орны _____

(жеке кәсіпкерлер болып табылатын тұлғалардан қоспағанда)

Ескертпе: "Су объектісінің табиғи режимін, балық ресурстары мен басқа да су жануарларын сақтау, сондай-ақ су тасқыны кезінде өзен арналарының шайылуын қамтамасыз ету үшін табиғат қорғау мақсатындағы су жіберу туралы мәліметтер" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсініктеме осы нысанның қосымшасында келтірілген.

Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысанға қосымша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізінде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме "Су объектісінің табиғи режимін, балық ресурстары мен басқа да су жануарларын сақтау, сондай-ақ су тасқыны кезінде өзен арналарының шайылуын қамтамасыз ету үшін табиғат қорғау мақсатындағы су жіберу туралы мәліметтер" (нысанның индексі ТҚСЖ-1, жылдық)

Нысанның 1-бағанында реттік нөмірі көрсетіледі;

Нысанның 2-бағанында іс-шараның атауы көрсетіледі;

Нысанның 3-бағанында әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішінің коды көрсетіледі;

Нысанның 4-бағанында өңірдің атауы көрсетіледі;

Нысанның 5-бағанында бөлінген қаражат, теңге көрсетіледі;

Нысанның 6-бағанында жылына белгіленген табиғат қорғау мақсатындағы су жіберу нақты көлемі, млн м³/жыл көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Су ресурстары және ирригация
министрі
2025 жылғы 10 қыркүйектегі
№ 230-НҚ Бұйрыққа 2-қосымша
Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.minsu.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Әкімшілік нысанның атауы: Көпфакторлы зерттеп-қараудан өткен гидротехникалық құрылысжайлар саны туралы мәліметтер.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): КЗҚ-1.

Кезеңділігі: жылдық.

Есепті кезең: 20__ жыл.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: "Казсушар" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны және облыстық жергілікті атқарушы органдар.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: жыл сайын, есепті кезеңнен кейінгі жылдың 10 ақпанынан кешіктірмей.

ЖСН/БСН _____

(деректерді жеке адамдар ұсынған жағдайда, сондай-ақ агрегатталған түрде толтырылмайды)

Жинау әдісі: қағаз жеткізгіште.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның негізгі бөлігі:

№	Өңірдің атауы	Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішінің коды (ЭАОЖ)	Бөлінген қаражат, теңге	Зерттеп-қараудан өткен гидротехникалық құрылысжайлардың саны, бірлік
1	2	3	4	5

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефоны

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

Мөрдiң орны _____

(жеке кәсіпкерлер болып табылатын тұлғалардан қоспағанда)

Ескертпе: "Көпфакторлы зерттеп-қараудан өткен гидротехникалық құрылысжайлар саны туралы мәліметтер" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсініктеме осы нысанның қосымшасында келтірілген.

Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысанға
қосымша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізінде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме "Көпфакторлы зерттеп-қараудан өткен гидротехникалық құрылысжайлар саны туралы мәліметтер" (нысанның индексі КЗҚ-1, жылдық)

Нысанның 1-бағанында реттік нөмірі көрсетіледі;

Нысанның 2-бағанында өңірдің атауы көрсетіледі;

Нысанның 3-бағанында әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішінің коды көрсетіледі;

Нысанның 4-бағанында бөлінген қаражат, теңге көрсетіледі;

Нысанның 5-бағанында зерттеп-қараудан өткен гидротехникалық құрылысжайлардың саны, бірлік көрсетіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК